

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИГІНДЕГІ
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ



Қуандық ӘЛІМБЕТОВ,
«Ақмаржан» күрішінің авторы, зейнеткер:

«БАҚЫТҚОЖАДА АБЫРОЙ ДЕГЕН ҮЛКЕН ТӨЛҚҰЖАТ БАР»

Таразының екі басы болатыны секілді, Алла өмірде бар нәрсені екі жақты жаратады екен. Мәселен, жақсы мен жаман, соғыс пен бейбіт күн, жеңіс пен жеңіліс, өмір мен өлім, тағы сол секілділер. Өмір болған соң жылап тұрып күлген, жеңіліп тұрып жеңген сәттерді де бастан өткеріп жатырмыз. Қазақ топырағы небір ұлыларды, даналарды, батырларды дүниеге әкеліп, өсіріп өндірген қасиетті мекен. Киелі мекеннің ауасын жұтып, еліне адал еңбегі сіңген азаматтар көп-ақ. Бірақ, өзгелерден бөліп алып қарайтындай ерекше даралары да болады. Екі ғасырдың куәгері болған мен білетін, еңбегі өз дәрежесінде еленбей, қазақ қоғамында аты ардақталмай жүрген бір дара азамат бар. Ол – Бақытқожа Рүстемов.

Егер сіз қолыңызға кітап алып, авторы Бақытқожа Рүстемов деп оқысаңыз, онда менің бұл пікірімді растарыңыз ақиқат. Өз елі жайында кітап жазып, оны өзгелерге арнайы тапсырмамен аудартып, атақтары дардай болып жүрген зиялы сымақтарымыздың да қатары өте көп. Ал, ол өзге елдер турасында энциклопедиялық еңбектерін орыс, қазақ керек десеңіз өзбек, одан қалды араб әліпбилерінде еркін жаза алатын бірегей публицист, бірегей журналист, бірегей жазушы. Ең бастысы Бақытқожада абырой деген үлкен төлқұжат бар. Кез келген мемлекеттің елшілерімен бейресми сапарлар ұйымдастырып, достық орнатып, көрген-білгенін қазақ қоғамына таныту, ең бастысы өз қаражатына, бұл азаматтық емей немене. Өзін бақытты адамның қатарына жатқызатын оған халқының ыстық махаббаты мен жастарының қошеметінен асқан мәртебе жоқ. Өзге шет елді оқырмандардың арасында Бақытқожаның есімі ардақталған, өзіндік қолтаңбасын алған. Ал, қазақ оқырмандарының арасында насихатталуы жеткіліксіз. Бұл аталған тыныс-тіршіліктің

баршасын, қазақ қоғамына арнап келе жатқан, өзіне елінің амандығынан өзге ештеңе керегі жоқ, нар қазақтың жоқтаушысы, қолдаушысы жазған еңбектердің оқырманы ретіндегі менің жеке пікірім деп ұққайсыздар.

Қазақ зиялыларының ішінде Алаш атын ардақтап жүрген Қоғабай Сәрсекеев бауырымыздың газет бетіндегі мына бір сөзін жаныма өте жақын қабылдадым. «Ұлт намысын қорғау ұрпақ ісі, ата даңқын әспеттеу перзент парызы, әке атын өшірмеу ұлдың міндеті». Керемет даналыққа, философияға құрылған, айшықты ой. Әрине, түсінген жанға.

Қызметтерден босаса да, адалдығы мен қаламын өзіне серік еткен Бақыт өзге елдермен достық, ынтымақтастық орнатып, қазақтың тарихын шет елге, шет елдің тарихын қазаққа насихаттап, ұлтының ұлттық намысының жаршысы ретінде, ата-баба рухы алдындағы ұрпақтық ісін, міндетін атқарып келеді. Ата-бабаларымыздың, кешегі өткен зиялыларымыздың жүріп өткен жолын жас ұрпаққа өз шығармалары арқылы насихаттап, перзенттік парызын өтеуде. Кешегі Оңтүстік жұртына аты мәшһүр болған адалдығы мен еңбекқорлығының арқасында халқының жадында жатталып қалған Төлеген Рүстемовтың бойындағы бар ізгілігін өз тұла бойына сіңіру арқылы, бүгінгі таңда әке атын өшірмей, қоғамда өз орнын тауып, есімі үлкен әріппен жазылар дәрежеге жетті.

Осы жеткен жетістіктің баршасы ең алдымен еліне деген адал еңбегі, халқына деген шексіз махаббатының арқасы. Өмірдің сан түрлі соқпақтарында мүдірмеген ол қандай сәтте болмасын ақжарқан, ақкөңіл қалыпта жүрді. Міне, мен білетін Бақытқожа осындай.

Бақыттың алпыс жас мерейтойы құтты болсын. Шығармашылық деген азабы мен мехнаты көп ғұмырда, еңбегің еленіп, жемісті болғай.



Бақытқожа ағамызбен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде бірнеше жыл қызметтес болған әріптестерінің хат-жолдауы.

КҮРМЕТТІ БАҚЫТҚОЖА ТӨЛЕГЕНҰЛЫ!

Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Иман мен мықты денсаулық тілейміз.

Сіздің еңбек жолыңыз табыстар мен жетістіктерге толы екеніне куәміз.

Сіздің өмір жолыңыз жастарға үлгі. Сіз Қазақ еліне, туған жеріңізге оралып, казак журналистикасының дамуына өзіңіздің ерекше үлесіңізді қостыңыз. Аджи, Стейнбек, Фолкнердің және басқа да тұлғалардың еңбектерінің әдеби аудармалары шеберліктің мысалдары, сонымен қатар нағыз патриотизмнің дәлелі.

Теология, тарих және лингвистика саласындағы білімдеріңіз бен шығармашылығыңыз да гүлдене ашылды.

Моңғолия, Түркия, Иран және т.б. мемлекеттерде жұмыстарыңызды талай оқырмандар ләззаттанып оқыған. Демек, шығармашылығыңыз халықаралық дәрежеге жеткен. Сол арқылы Сіздің атыңыз басқа да елдерде белгілі және қазіргі жастарға үлгі болып табылады.

Қоғамдық қарым-қатынаста да көп жетістіктерге қол жеткіздіңіз.

Мемлекеттік қызметте жауапты жұмыстарды абыроймен атқардыңыз. Еліміздің дамуына, оның ішінде мәдениет пен журналистика саласының дамуына белсенді үлесіңізді қосып келесіз.

Сізді қашан да әділдігіңіз бен қағидаттылығыңыз, жауаптылығыңыз бен еңбек сүйгіштігіңіз, адамдарға деген ілтипаттылығыңыз бен сезімталдығыңыз ерекшелеп тұрады.

Сізге қажымас қайрат, бақытты ұзақ өмір, отбасыңызға береке-бірлік тілейміз.

**Ізгі ниетпен,
Жанділдин Дарханбек Жұманғалиұлы,
Машимбаева Гүлшат Серікқызы**

25.03.2014.